**Листок-вкладыш – информация для пациента**

**Детрагель®, 100 МЕ/г + 10 мг/г + 10 мг/г, гель для наружного применения**
Действующие вещества: гепарин натрия + эссенциальные фосфолипиды + эсцин

**Перед применением препарата полностью прочитайте листок-вкладыш, поскольку в нем содержатся важные для Вас сведения.**
Всегда применяйте препарат в точности с листком-вкладышем или рекомендациями лечащего врача или работника аптеки.
Сохраните листок-вкладыш. Возможно, Вам потребуется прочитать его еще раз.
Если Вам нужны дополнительные сведения или рекомендации, обратитесь к работнику аптеки.
Если у Вас возникли какие-либо нежелательные реакции, обратитесь к лечащему врачу или работнику аптеки. Данная рекомендация распространяется на любые возможные нежелательные реакции, в том числе на не перечисленные в разделе 4 листка-вкладыша.
Если Ваше состояние ухудшилось или улучшение не наступило через 15 дней применения лекарственного препарата, Вам следует обратиться к лечащему врачу.

**Содержание листка-вкладыша**

1. Что из себя представляет препарат Детрагель®, и для чего его применяют.
2. О чем следует знать перед применением препарата Детрагель®.
3. Применение препарата Детрагель®.
4. Возможные нежелательные реакции.
5. Хранение препарата Детрагель®.
6. Содержимое упаковки и прочие сведения.

## 1. Что из себя представляет препарат Детрагель®, и для чего его применяют

Детрагель® относится к группе препаратов, которые называются ангиопротекторами, средствами для лечения варикозного расширения вен, гепаринами или гепариноидами для местного применения. Действующими веществами препарата Детрагель® являются гепарин натрия, эссенциальные фосфолипиды, эсцин.

**Способ действия препарата Детрагель®**
Комбинация действующих веществ в лекарственном препарате Детрагель® после первого применения способствует ослаблению симптомов варикозной болезни. Способствует снижению боли, ускорению рассасывания отеков, уменьшению чувства тяжести и усталости в ногах. Препарат Детрагель® обладает противовоспалительным действием и способствует заживлению тканей, препятствует образованию тромбов, повышает тонус венозной стенки, устраняет венозный застой.

Благодаря своим антикоагулянтным свойствам, гепарин натрия усиливает капиллярное кровообращение, таким образом предотвращая образования микротромбов. Он также оказывает противовоспалительное действие, так как облегчает всасывание продуктов воспаления.
Эсцин усиливает кровоток по венам и капиллярам, улучшает тонус и нормализует проницаемость стенок сосудов.
Эссенциальные фосфолипиды снижают вязкость крови за счет своего влияния на метаболизм жиров и, таким образом, стимулируют кровообращение по артериолам и

капиллярам. Они также оказывают защитное действие на кожу.

**Показания к применению**
Детрагель® показан к применению у взрослых по следующим показаниям:
- Терапия симптомов хронических заболеваний вен.
- Варикозная болезнь с симптоматикой в виде боли, отеков, ощущения тяжести и усталости в ногах, ночных судорог икроножных мышц, и с признаками в виде телеангиоэктазий (сосудистые звездочки и сеточки) и варикозных вен.
- Поверхностный флебит, тромбофлебит.
- Гематомы при травмах, включая спортивные растяжения и ушибы.
- Послеоперационные гематомы без нарушения целостности кожных покровов.

Если Ваше состояние ухудшилось или улучшение не наступило через 15 дней применения лекарственного препарата, Вам следует обратиться к лечащему врачу.

## 2. О чем следует знать перед применением препарата Детрагель®

**Противопоказания**
Не применяйте препарат Детрагель®:
- если у Вас аллергия на гепарин натрия, эссенциальные фосфолипиды, эсцин или на любой из вспомогательных веществ (перечисленные в разделе 6 листка-вкладыша);
- если у Вас геморрагический диатез (в том числе, тромбоцитопеническая пурпура, гемофилия);
- если у Вас нарушение целостности кожных покровов в месте нанесения препарата (открытые раны, язвенно-некротические поражения);
- если у Вас ожоги, экзема, кожные инфекции в месте нанесения лекарственного препарата;

Если Вы считаете, что любое из перечисленного относится к Вам, сообщите об этом Вашему лечащему врачу.
Нанесение геля на слизистые оболочки противопоказано.

**Особые указания и меры предосторожности**
Перед применением препарата Детрагель® проконсультируйтесь с лечащим врачом или работником аптеки:
- если у Вас имеется тромбоз глубоких вен (состояние, которое характеризуется образованием тромбов в глубоких венах),
- если у Вас имеется склонность к кровотечениям или кровоизлияниям,
- если Вы принимаете лекарственные препараты для снижения свертываемости крови (антикоагулянты непрямого действия, например, варфарин, аценокумарол), Вам может потребоваться обратиться к Вашему лечащему врачу для определения протромбинового времени и времени свертывания крови.

В случае развития аллергических реакций (покраснение кожи, кожная сыпь, кожный зуд), в том числе, отсроченных (контактный дерматит) применение препарата следует немедленно прекратить и обратиться за медицинской помощью.

Если Ваше состояние ухудшилось (усиление боли, отека, покраснения кожи, появление признаков воспаления), Вам следует немедленно обратиться к лечащему врачу, поскольку описанные симптомы могут быть признаком более серьезного заболевания.

**Дети и подростки**
Не применяйте препарат у детей в возрасте от 0 до 18 лет в связи с тем, что данные об эффективности и безопасности препарата Детрагель® отсутствуют.

**Другие лекарственные препараты и препарат Детрагель®**
Сообщите лечащему врачу или работнику аптеки о том, что Вы применяете, недавно применяли или можете начать применять какие-либо другие лекарственные препараты.
Не наносить препарат Детрагель® на один и тот же участок кожи одновременно с другими лекарственными препаратами для наружного применения.

**Беременность и грудное вскармливание**
Если Вы беременны или кормите грудью, думаете, что забеременели, или планируете беременность, перед началом применения лекарственного препарата проконсультируйтесь с лечащим врачом или работником аптеки.

**Управление транспортными средствами и работа с механизмами**
Исследований по изучению влияния препарата Детрагель® на способность управлять транспортными средствами и работать с механизмами не проводилось.

**Препарат Детрагель® содержит метилпарагидроксибензоат, этилпарагидроксибензоат, пропилпарагидроксибензоат.**
Эти вспомогательные вещества могут вызывать аллергические реакции (в том числе, отсроченные).

## 3. Применение препарата Детрагель®

Всегда применяйте данный лекарственный препарат в полном соответствии с данным листком-вкладышем или с рекомендациями лечащего врача или работника аптеки.
При появлении сомнений посоветуйтесь с лечащим врачом или работником аптеки.

**Рекомендуемая доза**
Если врачом не рекомендовано иначе, то полоска геля длиной 1-5 см (в зависимости от показания к применению и площади обрабатываемой поверхности) наносится тонким слоем на кожу на область поражения 2-3 раза в сутки ежедневно до исчезновения симптомов.
Не следует превышать рекомендуемую дозу и продолжительность применения препарата Детрагель®.

**Путь и (или) способ введения**
Наносится тонким слоем на проблемный участок кожи и равномерно распределяется легкими массирующими движениями. Наносить гель на нижние конечности следует снизу вверх.
При флебите/тромбофлебите следует избегать втирания геля.
При необходимости гель можно наносить под эластичные чулки или бинты.

Не наносить гель на слизистые оболочки!
Избегать попадания геля в глаза!
После нанесения геля следует тщательно вымыть руки.
Если улучшение не наступило через 15 дней, Вам следует обратиться к лечащему врачу.

**Продолжительность терапии**
Продолжительность лечения составляет не более 15 дней.
Если улучшение не наступило через 15 дней, Вам следует обратиться к лечащему врачу.
Лечащий врач может изменить длительность курса Вашего лечения.

**Если Вы применили больше препарата Детрагель®, чем следовало**
Если Вы считаете, что применили больше препарата Детрагель®, чем следовало, обратитесь к лечащему врачу.

**Если Вы забыли применить препарат Детрагель®**
Не применяйте двойную дозу, чтобы компенсировать пропущенную дозу лекарственного препарата.

**Если Вы прекратили применение препарата Детрагель®**
Прекращение применения лекарственного препарата не влечет никаких негативных последствий.

При наличии вопросов по применению препарата Детрагель®, обратитесь к лечащему врачу или работнику аптеки.

## 4. Возможные нежелательные реакции

**Описание нежелательных реакций**
Подобно всем лекарственным препаратам, препарат Детрагель® может вызывать нежелательные реакции, однако они возникают не у всех.

Указанные ниже нежелательные реакции возникают очень редко (могут возникать не более чем у 1 человека из 10 000):
- сложности при дыхании, вызванные сокращением мышц бронхов (бронхоспазм),
- воспаление кожи, вызванное контактом с раздражающим веществом (контактный дерматит – аллергическая реакция замедленного типа),
- кожная сыпь, кожный зуд, крапивница (аллергические реакции немедленного типа).

В этих случаях применение препарата следует немедленно прекратить и обратиться за медицинской помощью.

**Сообщение о нежелательных реакциях**
Если у Вас возникают какие-либо нежелательные реакции, проконсультируйтесь с лечащим врачом или работником аптеки. К ним также относятся любые нежелательные реакции, не указанные в листке-вкладыше.
Вы также можете сообщить о нежелательных реакциях напрямую (см. ниже). Сообщая о нежелательных реакциях, Вы помогаете получить больше сведений о безопасности препарата.

http://roszdravnadzor.gov.ru
Федеральная служба по надзору в сфере здравоохранения (Росздравнадзор)

http://pharm.am
АОЗТ «Научный центр экспертизы лекарств и медицинских технологий им. академика Э. Габриеляна»

http://www.rceth.by
УП «Центр экспертиз и испытаний в здравоохранении»

http://www.ndda.kz
РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» Комитета медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан

http://pharm.kg
Департамент лекарственных средств и медицинских изделий при Министерстве Здравоохранения Кыргызской Республики

## 5. Хранение препарата Детрагель®

Храните препарат в недоступном для ребенка месте так, чтобы ребенок не мог увидеть его.

Не применяйте препарат после истечения срока годности (срока хранения), указанного на тубе после слов «Годен до». Датой истечения срока годности является последний день данного месяца.

При температуре не выше 25 °С.

Не выбрасывайте препарат в канализацию или вместе с бытовыми отходами. Уточните у работника аптеки, как следует утилизировать (уничтожать) препарат, который больше не потребуется. Эти меры позволят защитить окружающую среду.

## 6. Содержимое упаковки и прочие сведения

**Препарат Детрагель® содержит**
Действующими веществами являются гепарин натрия, эссенциальные фосфолипиды и эсцин.
1 г геля содержит: 100 МЕ гепарина натрия, 10 мг эссенциальных фосфолипидов, 10 мг эсцина.
Прочими ингредиентами (вспомогательными веществами) являются: изопропанол, глицерол 85%, троламин, метилпарагидроксибензоат, этилпарагидроксибензоат, пропилпарагидроксибензоат, карбомер-980, одеколон, розмарина масло, лаванды масло, вода.

**Внешний вид препарата Детрагель® и содержимое его упаковки**
Гель для наружного применения.
Препарат представляет собой прозрачный, светло-желтого цвета гель с характерным запахом.
По 40,0 г или 80,0 г в тубу алюминиевую, закрытую мембраной и завинчивающейся крышкой, изготовленной из полипропилена. Тубу вместе с листком-вкладышем помещают в картонную пачку с контролем первого вскрытия.
Не все размеры упаковок могут быть доступны для реализации.

**Держатель регистрационного удостоверения**
АО «Сервье»

Российская Федерация
125196, г. Москва, ул. Лесная, д. 7, этаж 7/8/9

**Производитель**
АО «Босналек»
Босния и Герцеговина
71000, г. Сараево, ул. Юкичева, дом 53

За любой информацией о препарате, а также в случае возникновения претензий следует обращаться к представителю держателя регистрационного удостоверения или держателю регистрационного удостоверения:

**Российская Федерация**
АО «Сервье»
Адрес: 125196, г. Москва, ул. Лесная, дом 7, этаж 7/8/9
Тел.: +7 (495) 937 07 00
Факс: +7 (495) 937 07 01
Эл. почта: servier.russia@servier.com

**Республика Казахстан и Кыргызская Республика**
ТОО «Сервье Казахстан»
Адрес: 050020, г. Алматы, пр. Достык 310Г
Тел.: +7 (727) 386 76 62
Эл. почта: kazadinfo@servier.com

**Республика Беларусь**
Представительство УАО «Les Laboratoires Servier» (Французская Республика) в Республике Беларусь
Адрес: 220030, г. Минск, ул. Мясникова, 70, оф. 303
Тел.: +375 (17) 306 54 55/56
Эл. почта: officeBY@servier.com

**Республика Армения**
Представительство «Лаборатории Сервье»
Адрес: 0002, г. Ереван, улица Амиряна, 15, магазин 100, Кентрон
Тел.: +374 (10) 50 50 74
Эл. почта: mariam.antonyan@servier.com

**Листок-вкладыш пересмотрен**

**Прочие источники информации**
Подробные сведения о лекарственном препарате содержатся на веб-сайте Союза: http://eec.eaeunion.org.
Листок-вкладыш доступен на всех языках Союза на веб-сайте Союза.

**Қосымша парақ - пациентке арналған ақпарат**

**Детрагель®, 100 ХБ/г + 10 мг/г + 10 мг/г, сыртқа қолдануға арналған гель**
Әсер етуші заттар: натрий гепарині + эссенциалды фосфолипидтер + эсцин

**Препаратты қабылдар алдында қосымша парақты толығымен оқып шығыңыз, өйткені онда Сіз үшін маңызды мәліметтер бар.**
Препаратты әрқашан қосымша парақпен немесе емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсыныстарымен дәл етіп қолданыңыз.
Қосымша парақты сақтап қойыңыз. Сізге оны қайтадан оқып шығу қажет болуы мүмкін.
Егер Сізге қосымша мәліметтер немесе ұсыныстар қажет болса, дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.
Егер Сізде қандай бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз. Бұл ұсыныс кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақтың 4 бөлімінде көрсетілмегендерге де қатысты болады.
Егер Сіздің жағдайыңыз нашарлай түссе немесе дәрілік препаратты қолданғаннан кейін 15 күннен соң жақсармаса, Сізге емдеуші дәрігерге жүгіну керек.

**Қосымша парақтың мазмұны**


1. Детрагель® препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады.
2. Детрагель® препаратын қабылдар алдында нені білу керек.
3. Детрагель® препаратын қабылдау.
4. Ықтимал жағымсыз реакциялар.
5. Детрагель® препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер.


**1. Детрагель® препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады**
Детрагель® ангиопротекторлар, веналардың варикоздық кеңеюін емдеуге арналған дәрілер, гепариндер немесе жергілікті қолдануға арналған гепариноидтар деп аталатын препараттар тобына жатады. Детрагель® препаратының әсер етуші заттары натрий гепарині, эссенциалды фосфолипидтер, эсцин болып табылады.

**Детрагель® препаратының әсер ету тәсілі**
Детрагель® дәрілік препаратындағы әсер етуші заттардың біріктірілімі бірінші қолданғаннан кейін варикозды ауру симптомдарын әлсіретуге ықпал етеді. Ауырсынуды азайтуға, ісінудің басылуын жылдамдатуға, аяқтағы ауырлық және шаршау сезімін азайтуға көмектеседі. Детрагель® препараты қабынуға қарсы әсерге ие және тіндердің сауығып-жазылуына ықпал етеді, тромбтардың түзілуіне жол бермейді, вена жақтауларының тонусын арттырып, веналық іркілуді жояды.

Өзінің антикоагулянттық қасиеттерінің арқасында натрий гепарині капиллярлық қан айналымды күшейтеді, осылайша микротромбтардың түзілуіне жол бермейді. Ол сондай-ақ, қабыну өнімдерінің сіңуін жеңілдететіндіктен, қабынуға қарсы әсер көрсетеді.

Эсцин веналар мен капиллярлар бойымен қан ағымын күшейтеді, тонусын жақсартады және тамыр жақтауларының өткізгіштігін қалыпқа келтіреді.

Эссенциалды фосфолипидтер майлар метаболизміне әсер ету арқылы қанның тұтқырлығын төмендетеді, осылайша артериолалар мен капиллярлар бойымен қан айналымын көтермелейді. Олар сонымен қатар теріге қорғанысты әсер етеді.

**Қолданылуы**
Детрагель® ересектерде келесі көрсетімдер бойынша қолдануға арналған:

- Венаның созылмалы аурулары симптомдарын емдеу.
- Ауырсыну, ісінулер, аяқтарда ауырлық пен шаршауды сезіну, балтыр бұлшықеттерінің түнгі түйілулері және телангиоэктазия (тамыр жұлдызшылары мен торлар) және варикозды веналар түріндегі симптомдары бар варикозды ауру.
- Беткейлік флебит, тромбофлебит.
- Спорттық созылулар мен соғылуларды қоса, жарақаттар кезіндегі гематомалар.
- Тері тұтастығы бұзылмаған операциядан кейінгі гематомалар.

Егер Сіздің жағдайыңыз нашарлай түссе немесе препаратты қолданғаннан кейін 15 күннен соң жақсармаса, Сізге емдеуші дәрігерге жүгіну керек.

**2. Детрагель® препаратын қабылдар алдында нені білу керек**

**Қолдануға болмайтын жағдайлар**
Детрагел ®препаратын қолданбаңыз:

- егер Сізде натрий гепариніне, эссенциалды фосфолипидтерге, эсцинге немесе кез келген қосымша заттарға аллергия болса (қосымша парақтың 6 бөлімінде көрсетілген);
- егер Сізде геморрагиялық диатез болса (соның ішінде тромбоцитопениялық пурпура, гемофилия);
- егер Сізде препаратты жағу орнында терінің тұтастығы бұзылса (ашық жаралар, ойық жаралы некроздық зақымданулар);
- егер Сізде күйік, экзема, дәрілік препарат жағылған жерде тері инфекциясы болса;

Егер Сіз жоғарыда аталғандардың кез келгені Сізге қатысты деп санасаңыз, бұл туралы емдеуші дәрігерге хабарлаңыз.

Гельді шырышты қабықтарға қолдануға болмайды.

**Айрықша нұсқаулар мен сақтандыру шаралары**
Детрагель® препаратын қолданар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз:
• егер Сізде терең веналар тромбозы болса (терең веналарда тромбтардың түзілуімен сипатталатын жағдай),
• егер Сізде қан кетуге немесе қан құйылуға бейімділік болса,
• егер Сіз қанның ұюын төмендететін дәрілік препараттарды қабылдайтын болсаңыз (тікелей әсер етпейтін антикоагулянттар, мысалы, варфарин, аценокумарол), протромбин уақыты мен қан ұю уақытын анықтау үшін өзіңіздің емдеуші дәрігеріңізбен кеңесу қажет болуы мүмкін.

Аллергиялық реакциялар (терінің қызаруы, тері бөртпесі, терінің қышуы), оның ішінде кешеуілдеген аллергиялық реакциялар (жанаспалы дерматит) дамыған жағдайда препаратты қолдануды дереу тоқтатып, медициналық көмекке жүгіну керек.

Егер Сіздің жағдайыңыз нашарласа (ауырсынудың, ісінудің күшеюі, терінің қызаруы, қабыну белгілерінің пайда болуы), сипатталған симптомдар ауыр жағдайдың белгісі болу ықтималдығына байланысты Сізге дереу емдеуші дәрігерге қаралу керек.

**Балалар мен жасөспірімдер**
Детрагель® препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректер болмауына байланысты препаратты 0 –ден 18 жасқа дейінгі балаларда қолданбаңыз.

**Басқа дәрілік препараттар және Детрагель® препараты**
Емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне қандай препарат қолданып жүргендігіңіз, жақында қайсысын қолданғаныңыз немесе қандайда бір басқа препараттарды қолдануыңыз мүмкін болатыны туралы хабарлаңыз.
Детрагель® препаратын сыртқа қолдануға арналған басқа дәрілік препараттармен бір мезгілде терінің сол бір бөлігіне жағуға болмайды.

**Жүктілік және бала емізу**
Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе емізетін болсаңыз, жүкті болдым деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз, дәрілік препаратты қолданар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

**Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу**
Детрагель® препаратының көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер етуіне зерттеулер жүргізілген жоқ.

**Детрагель® препаратының құрамында метилпарагидроксибензоат, этилпарагидроксибензоат, пропилпарагидроксибензоат бар.**
Бұл қосымша заттар аллергиялық реакцияларды (соның ішінде кешеуілдеген аллергиялық реакцияларды) тудыруы мүмкін.

## 3. Детрагель® препаратын қабылдау

Әрқашан осы дәрілік препаратты осы қосымша параққа немесе емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсыныстарына сәйкес қолданыңыз.
Күмән пайда болған кезде емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

**Ұсынылатын доза**
Егер дәрігер басқаша ұсынбаса, онда ұзындығы 1-5 см гель жолағын (қолдану көрсетіміне және өңделетін тері беткейінің ауданына қарай) тәулігіне 2-3 рет зақымдану аймағындағы теріге жұқа қабатпен симптомдар жойылғанға дейін жағу керек.
Детрагель® препаратын ұсынылатын дозасынан мен қолдану ұзақтығынан асыруға болмайды.

**Енгізу жолы және (немесе) тәсілі**
Терінің кінәратты аумағына жұқа қабатпен және жеңіл ысқылау қозғалыстарымен біркелкі етіп жағылады. Аяққа гельді төменнен жоғары қарай жағыңыз.
Флебит/тромбофлебит кезінде гельді ысқылап жағуға болмайды.
Қажет болған кезде гельді созылғыш шұлықтардың немесе таңғыштардың астына жағуға болады.

Гельді шырышты қабықтарға қолдануға болмайды!
Гельді көзге тигізбеу керек!
Гельді қолданғаннан кейін қолды мұқият жуу керек.
Егер жақсару 15 күннен кейін болмаса, Сізге емдеуші дәрігерге жүгіну қажет болады.

**Емдеудің ұзақтығы**
Емдеу ұзақтығы 15 күннен аспайды.
Егер 15 күннен кейін жақсару болмаса, Сізге емдеуші дәрігерге жүгіну қажет болады.
Емдеуші дәрігер емдеу курсының ұзақтығын өзгертуі мүмкін.

**Егер Сіз Детрагель® препаратын қажет мөлшерден артық қолданған болсаңыз**
Егер Сіз Детрагель® препаратын қажет болғаннан артық қолдандым деп ойласаңыз, емдеуші дәрігерге қаралыңыз.

**Егер Сіз Детрагель® препаратын қолдануды ұмытып кеткен болсаңыз**
Дәрілік препараттың өткізіп алған дозасының орнын толтыру үшін қос дозаны қолданбаңыз.

**Егер Сіз Детрагель® препаратын қолдануды тоқтатсаңыз**
Дәрілік препаратты қолдануды тоқтату ешқандай жағымсыз салдарға әкелмейді.

Детрагель® препаратын қолдану бойынша сұрақтар болған кезде емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.

**4. Ықтимал жағымсыз реакциялар**

**Жағымсыз реакциялардың сипаттамасы**
Барлық дәрілік препараттар сияқты, Детрагель® препараты жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін, бірақ олар бәрінде бола бермейді.

Төменде көрсетілген жағымсыз реакциялар өте сирек кездеседі (көп дегенде 10 000 адамның 1-де туындауы мүмкін):
- бронх бұлшықеттерінің жиырылуынан туындаған тыныс алу кезіндегі қиындықтар (бронх түйілуі)
- тітіркендіргіш затпен жанасудан туындаған терінің қабынуы (жанаспалы дерматит-кешеуілдеген типтегі аллергиялық реакция),
- тері бөртпесі, терінің қышуы, есекжем (дереу типтегі аллергиялық реакциялар).

Мұндай жағдайларда препаратты қолдануды дереу тоқтатып, медициналық көмекке жүгіну керек.

**Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама**
Егер Сізде қандайда бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Оларға қосымша парақта көрсетілмеген кез келген жағымсыз реакциялар да қатысты.
Сондай-ақ, Сіз жағымсыз реакциялар туралы тікелей хабарлай аласыз (төменде қараңыз). Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау арқылы Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы мәліметтерді көбірек алуға көмектесесіз.

http://roszdravnadzor.gov.ru
Федералдық денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі қызмет (Росздравнадзор)

http://pharm.am
«Академик Э. Габриелян атындағы дәрілерді сараптау және медициналық технологиялар ғылыми орталығы» ЖТАҚ

http://www.rceth.by
«Денсаулық сақтау саласындағы сараптамалар және сынақтар орталығы» УК

http://www.ndda.kz
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

http://pharm.kg
Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар және медициналық бұйымдар департаменті

**5. Детрагель® препаратын сақтау**

Препаратты бала көре алмайтындай етіп, баланың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Препаратты «дейін жарамды» деген сөздерден кейін картон қорапшада көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен кейін қолданбаңыз. Жарамдылық мерзімінің өту күні айдың соңғы күні болып табылады.

25 °С-ден аспайтын температурада.

Препаратты кәрізге немесе тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен қажет болмайтын препаратты қалай утилизациялау керектігі туралы нақтылаңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

**6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер**

**Детрагель® препаратының құрамында**
Әсер етуші заттары натрий гепарині, эссенциалды фосфолипидтер және эсцин болып табылады.
1 г гелдің құрамында: 100 ХБ натрий гепарині, 10 мг эссенциалды фосфолипидтер, 10 мг эсцин.
Басқа ингредиенттер (қосымша заттар) болып табылады: изопропанол, глицерол 85%, троламин, метилпарагидроксибензоат, этилпарагидроксибензоат, пропилпарагидроксибензоат, карбомер-980, одеколон, розмарин майы, лаванда майы, су.

**Детрагель® препаратының сыртқы түрі және қаптаманың ішіндегісі**
Сыртқа қолдануға арналған гель.
Препарат өзіне тән иісі бар мөлдір, ашық сары түсті гель болып табылады.
40,0 г-ден немесе 80,0 г-ден жарғақшамен және полипропиленнен жасалған бұрандалы қақпақпен жабылған алюминий сықпада. Сықпа қосымша парақпен бірге бірінші ашылуы бақыланатын картон қорапшаға салынады.
Қаптамалардың барлық өлшемдері сату үшін қолжетімді болмауы мүмкін.

**Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**
«Сервье» АҚ
Ресей Федерациясы
125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй, 7/8/9 қабат

**Өндіруші:**
«Босналек» АҚ
Босния және Герцеговина
71000, Сараево қаласы, Юкичев көш, 53 үй

Препарат туралы кез келген ақпаратты алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайда тіркеу куәлігі ұстаушысының өкіліне немесе тіркеу куәлігінің ұстаушысына жүгінген жөн:

**Ресей Федерациясы**
«Сервье»АҚ
Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ, Лесная көш, 7 үй, 7/8/9 қабат
Тел.: +7 (495) 937 07 00
Факс: +7 (495) 937 07 01
Эл. пошта: servier.russia@servier.com

**Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы**
«Сервье Қазақстан» ЖШС
Мекенжайы: 050020, Алматы қ, Достық даңғылы 310Г
Тел.: +7 (727) 386 76 62
Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

**Беларусь Республикасы**
«Les Laboratoires Servier» УАҚ (Франция Республикасы) Беларусь Республикасындағы өкілдігі
Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников көш., 70, 303 кеңсе
Тел.: +375 (17) 306 54 55/56
Эл. пошта: officeBY@servier.com

**Армения Республикасы**
«Лаборатории Сервье» өкілдігі
Мекенжайы: 0002, Ереван, Амирян көш., 15, 100 дүкен, Кентрон
Тел.: +374 (10) 50 50 74
Эл. пошта: mariam.antonyan@servier.com

**Қосымша парақ қайта қаралды**

**Басқа ақпарат көздері**
Бұл препарат туралы толық ақпарат Одақтың http://eec.eaeunion.org веб-сайтында берілген. Қосымша парақ Одақтың барлық тілдерінде Одақтың веб-сайтында қол жетімді.